**Өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың экспорты мен импортына лицензия беру қағидаларын және біліктілік талаптарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 жылғы 9 маусымдағы № 425 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 12 маусымда № 32759 болып тіркелді.

"Өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 8-бабының 3) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН :

1. Қоса беріліп отырған бекітілсін:

1) Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың экспорты мен импортына лицензия беру қағидалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың экспортын жүзеге асыру жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың импортын жүзеге асыру жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары.

2. Осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің және Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустриялық даму комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі* | *М. Карабаев* |

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Қаржылық мониторинг агенттігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитеті
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасының
Индустрия және
инфрақұрылымдық
даму министрінің
2023 жылғы 9 маусымдағы
№ 425 бұйрығына
1-қосымша

## Өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың экспорты мен импортына лицензия беру қағидалары және біліктілік талаптары

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың экспорты мен импортына лицензия беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 8-бабының 3) тармақшасына (бұдан әрі – Заң) және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың экспортына лицензия, қос мақсаттағы тауарлардың немесе ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін бақыланатын тауарлардың экспортына жалпы лицензия, өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың импортына лицензия беру, сондай-ақ " Өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың экспортына және импортына лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету тәртібін айқындайды.

2. "Түпкілікті пайдаланушысының сертификатын және халықаралық импорттық сертификатын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет) болып табылады және оны осы Қағидаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Өнеркәсіп комитеті (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 16.01.2026 № 16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар қолданысқа енгізілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.

4. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі терминдер мен анықтамалар:

1) әскери мақсаттағы тауарлар – арнайы тауарлардың бақылау тізімінде көрсетілген қару-жарақ, әскери техника, технологиялар, бағдарламалық қамтамасыз ету, техникалық және арнайы құралдар, материалдар, өндіруге және сынауға арналған жабдықтар, олардың жиынтықтаушылары мен қосалқы бөлшектері;

2) импорт – тауарларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелу;

3) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін бақыланатын тауарлар (бұдан әрі – ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін бақыланатын тауарлар) – өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың бақылау тізімінде көрсетілген, қосарлы немесе әскери мақсаттағы тауарларға жатпайтын, халықаралық деңгейде ұлттық мүдделерге және саяси имиджге нұқсан келтіруді болғызбау бөлігінде ұлттық қауіпсіздік мүддесінде бақыланатын тауарлар, сондай-ақ азаматтардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, терроризм мен қылмысқа қарсы іс-қимыл;

4) қосарланған мақсаттағы тауарлар – азаматтық мақсаттарда пайдаланылатын, бірақ жаппай қырып-жою қаруын және оны жеткізу құралдарын, қару-жарақты, әскери техниканы жасау үшін қолданылуы мүмкін өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың

бақылау тізімінде көрсетілген өнім (оның ішінде бағдарламалық қамтамасыз ету мен технологиялар);

5) өзіндік ерекшелігі бар тауарлар – қосарланған және әскери мақсаттағы тауарлар, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін бақыланатын тауарлар;

6) өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау жүйесінің мемлекеттік органдары – Заңда және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзырет шегінде өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдары;

7) уәкілетті орган – өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау саласында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде – салааралық үйлестіруді мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

8) экспорт – тауарларды Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерлерге әкету, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында бағдарламалық қамтамасыз ету мен технологияларды шетелдік тұлғаларға беру.

5. 1С350, 10С905, 10С906 және 10С907 бақылау кодтарына сәйкес келетін, Заңның 7-бабының 5) тармақшасына сәйкес бекітілген (бұдан әрі – Бақылау тізімі), бірнеше шет мемлекеттер, импорттаушылар және (немесе) түпкі пайдаланушылар көрсетіле отырып, қосарланған мақсаттағы тауарлардың (ядролық және арнайы ядролық емес материалдарды, жабдықтарды, қондырғыларды, технологияларды, иондандырушы сәулелену көздерін, қосарланған мақсаттағы жабдықтарды және тиісті тауарлар мен технологияларды, оларды шығаруға байланысты жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді қоспағанда) және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін бақыланатын тауарлардың экспортына жалпы лицензия, қосарланған мақсаттағы тауарлардың немесе ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін бақыланатын тауарлардың экспортын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларына беріледі.

6. Өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың импорты мен экспортына лицензия 1 (бір) жыл мерзімге беріледі.

Лицензияның қолданылу мерзімі лицензия беруге негіз болып табылатын құжаттардың қолданылу мерзімімен шектелуі мүмкін.

7. Лицензия шартқа (келісімшартқа) енгізілген тауарлар атауларының санына қарамастан, бір сыртқы сауда шарты (келісімшарты) шеңберінде Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі № 80 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына және Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне (бұдан әрі – СЭҚ ТН) сәйкес әрбір тауар түріне бір он таңбалы кодты және Бақылау тізіміне сәйкес бір тауар кодын көрсете отырып, бір сыртқы сауда шарты (келісімшарты) шеңберінде беріледі.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 16.01.2026 № 16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Бақылау тізімінде жоқ СЭҚ ТН кодтарын пайдалануға рұқсат етіледі, өйткені белгілі бір өзіндік ерекшелігі бар тауарды сәйкестендіру және арақатынасы бойынша түпкілікті шешім бақылау тізімдері бойынша белгілі бір кодқа сәйкес келетін осы тізімдегі бақыланатын өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың техникалық параметрлерімен анықталады.

9. Лицензия Еуразиялық экономикалық одақ ішінде, сол сияқты үшінші елдерге және үшінші елдерден өзіндік ерекшелігі бар тауарларды өткізу үшін ресімделеді.

10. Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген жағдайларда қайта ресімделуге жатады.

## 2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

11. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес "Өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың экспорты мен импортына лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде келтірілген мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттарды жібереді (бұдан әрі – портал).

12. Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды, осы Қағидалардың 11 тармағында көрсетілген бойынша, портал арқылы берген кезде – көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

13. Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы, Қазақстан Республикасының заңды тұлғасын, дара кәсіпкерін мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, көрсетілетін қызметті алушыда бар рұқсат беру құжаттары туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының арнайы тауарларды бақылау саласындағы заңнамасын бұзғаны үшін көрсетілетін қызметті алушыға қолданылған әкімшілік жазалар туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 16.01.2026 № 16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері құжаттарды олар келіп түскен күні қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады және жауапты орындаушыға жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

15. Жауапты орындаушы көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде олардың толықтығын және қолданылу мерзімін тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған кезде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының не оны алмастыратын тұлғаның ЭЦҚ қойылған өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды және оны көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне электрондық құжат нысанындағы портал арқылы көрсетілетін қызметті алушыға жібереді.

16. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда , өзіндік ерекшелігі бар тауарлар тауарлардың экспортына лицензия, қос мақсаттағы тауарлардың немесе ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін бақыланатын тауарлардың экспортына жалпы лицензия, өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың импортына лицензия алуға өтінішті қарау кезінде жауапты орындаушы көрсетілетін қызметті алушы, ұсынған құжаттарды "Өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау саласындағы рұқсат құжаттарын берудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1083 қаулысында көзделген тиісті мемлекеттік органдарға жібереді (бұдан әрі – тиісті мемлекеттік органдар), лицензия беру мәселесін келісу үшін.

Көрсетілетін қызметті берушінің сұранысы негізінде тиісті мемлекеттік органдар он жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкестігі немесе сәйкессіздігі туралы жауап жібереді.

Тиісті мемлекеттік органдар белгіленген мерзімде жауап бермеген жағдайда, лицензия беру автоматты түрде келісілген деп есептеледі.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 16.01.2026 № 16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Көрсетілетін қызметті алушы өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың экспортына лицензия, қос мақсаттағы тауарлардың немесе ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін бақыланатын тауарлардың экспортына жалпы лицензия алу үшін ұсынған құжаттарды қарау кезінде жауапты орындаушы сұрау салумен бір мезгілде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 12 сәуірдегі № 283 қаулысымен бекітілген уәкілетті органның өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау жүйесінің мемлекеттік

органдарымен ақпараттық өзара іс-қимылын жүзеге асыру қағидаларында айқындалған тәртіппен өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау жүйесінің мемлекеттік органдарына сұрау салуды жібереді

Өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау жүйесінің мемлекеттік органдарынан жауап алғаннан кейін жауапты орындаушы алынған ақпарат негізінде тәуекелдерді бағалауды жүргізеді.

Тиісті мемлекеттік органдарға сұрау салумен бір мезгілде жауапты орындаушы көрсетілетін қызметті алушы ұсынған импорттаушы елдің кепілдік міндеттемесін ( бұдан әрі-растау) оның түпнұсқалығына тексеру жүргізу үшін мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар арқылы Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жібереді. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі оның түпнұсқалығын тексеру кезеңінде көрсетілетін қызмет алушының өтінішін қарау мерзімі тиісті растау алынғанға дейін көрсетілетін қызмет берушімен тоқтатылады.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 16.01.2026 № 16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Бақылау тізімінде көрсетілген 1С350 немесе 10С905 бақылау кодтарына сәйкес келетін өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың экспортына лицензия немесе қос мақсаттағы тауарлардың немесе ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін бақыланатын тауарлардың экспортына жалпы лицензия алуға өтінішті қарау кезінде жауапты орындаушы көрсетілетін қызметті алушы ұсынған импорттаушы елдің кепілдік міндеттемесін тексерілгенін растау үшін Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне оның түпнұсқалығын тексеруді растауды алу үшін мынадай жағдайларда жібереді:

1) сыртқы сауда келісімшартына сәйкес контрагентке бастапқы экспорты болған жағдайда;

2) уәкілетті органның экспортты жүзеге асыру кезіндегі ықтимал тәуекелдер туралы мемлекеттік органдардан ақпарат алуы болған жағдайда.

Көрсетілетін қызметті алушы өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың экспортына лицензия немесе қос мақсаттағы тауарлардың немесе ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін бақыланатын тауарлардың экспортына жалпы лицензия алуға құжаттар ұсынылған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы көрсетілетін қызметті берушіге салыстыру үшін алушы елдің кепілдік міндеттемесінің түпнұсқасын ұсынады.

Заңның 29-бабы 1-тармағына сәйкес, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыдан немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарынан өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау саласына қатысты қажетті құжаттарды және (немесе) ақпаратты сұратуға және алуға құқылы.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 16.01.2026 № 16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Заңда, Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заңда және "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі-Заңдар) белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер негізгі талаптар тізбесінде баяндалған.

Өзіндік ерекшелігі бар тауарлар экспортына лицензияны, қосарланған мақсаттағы тауарлар немесе ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін бақыланатын тауарлар экспортына жалпы лицензияны, өзіндік ерекшелігі бар тауарлар импортына лицензияны алуға өтінішті қарау кезінде, мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін жоғарда айтылған Заңдарда белгіленген және негізгі талаптар тізбесінде баяндалған негіздер анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама оның тапсырылғаны туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен, телефонограммамен немесе жеделхатпен, ұялы байланыстың абоненттік нөмірі бойынша немесе өтініште көрсетілген көрсетілетін қызметті алушының электрондық мекенжайы бойынша мәтіндік хабарламамен не хабарламаны немесе шақыруды тіркеуді қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып, көрсету мерзімі аяқталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберіледі Мемлекеттік қызмет көрсету. Тыңдау хабарлама жасалған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші лицензияны, қайта ресімделген лицензияны немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тартуды береді.

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне қатер төну қаупі туындаған жағдайда және (немесе) Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерінің сақталмауына байланысты мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту кезінде, мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға негіз болған ақпарат жария етуге және ( немесе) таратылуға жатпайды.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 16.01.2026 № 16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Жүргізілген тәуекелдерді бағалау, мемлекеттік органдардың жауабы және алушы елдің кепілдік міндеттемесінің түпнұсқалығын тексеру нәтижелері негізінде жауапты орындаушы осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін - лицензияны не осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартуды ресімдейді .

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі "E-license" ақпараттық жүйесі арқылы көрсетілетін қызметті беруші басшысының не оны алмастыратын тұлғаның ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" жіберіледі және сақталады.

Берілген лицензиялар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың қозғалысын бақылау мақсатында мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелеріне жолданады және сақталады.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 16.01.2026 № 16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректер мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне автоматты режимде келіп түседі.

22. Көрсетілетін қызметті алушы сыртқы сауда шартының (келісімшарттың) немесе тараптардың импорттаушымен (түпкі пайдаланушымен) ниетін растайтын өзге де құжаттың талаптарына сәйкес әскери мақсаттағы тауарлардың экспорты жасалғаннан кейін көрсетілетін қызметті берушіге әскери мақсаттағы тауарлардың жеткізілгенін растайтын құжатты межелі елге әкелінген сәттен бастап 15 жұмыс күні ішінде ұсынады .

## 3-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

23. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі шешіміне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

Көрсетілетін қызметті беруші шағым түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей шағымды және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

24. Көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңы 25-бабының 2-тармағына сәйкес қаралуға жатады:

1) көрсетілетін қызметті беруші – оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

2) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган – ол тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде.

25. Көрсетілетін қызметті берушінің, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңы 25-бабының 4-тармағына сәйкес қажет болған жағдайларда 10 (он) он жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымдарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағым берген көрсетілетін қызметті алушыға ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда ( шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

26. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайларда "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңының 4-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес сотқа жүгінеді.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағымданғаннан кейін жол беріледі.

## 4-тарау. Жалпы лицензияларды орындау бойынша құжаттарды ұсыну тәртібі

27. Қосарланған мақсаттағы тауарларды немесе ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін бақыланатын тауарларды экспорттауға арналған жалпы лицензия негізінде тауарларды экспорттауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары уәкілетті органға қос мақсаттағы тауарларды немесе ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін бақыланатын тауарларды экспорттауға арналған жалпы лицензияларды орындау жөніндегі құжаттарды ұсынуға міндетті.

28. Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қос мақсаттағы тауарлардың немесе ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін бақыланатын тауарлардың экспорты жүзеге асырылған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде уәкілетті органға жалпы лицензияны орындау жөніндегі құжаттарды ұсынады.

Өзіндік ерекшелігі бар
тауарлардың экспорты мен
импортына лицензия беру
қағидаларына
1-қосымша

**"Өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың экспортына және импортына лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 16.01.2026 № 16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| | | |
|---|---|---|
| "Өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың экспортына және импортына лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет атауы Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы:<br>1) өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың экспорты;<br>2) өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың импорты;<br>3) қос мақсаттағы тауарлардың немесе ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін бақыланатын тауарлардың экспортына жалпы лицензия | | |
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Өнеркәсіп комитеті (бұдан әрі-көрсетілетін қызметті беруші) |
| 2 | Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері | www.egov.kz "электрондық үкімет " веб-порталы арқылы |
| 3 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың импортына лицензия беру кезінде – 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей;<br>өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың экспортына лицензия немесе қос мақсаттағы тауарлардың немесе ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін бақыланатын тауарлардың экспортына жалпы лицензия беру кезінде – алушы елдің кепілдік міндеттемесінің түпнұсқалығын тексеру растамасын алу қажет болған не шетелдік құзыретті органдардан немесе ұйымдардан ақпарат алу қажет болған жағдайды қоспағанда, 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей. Бұл жағдайда лицензия осындай растауды алғаннан кейін беріледі;<br>барлық кіші түрлері бойынша лицензияларды және (немесе) лицензияларға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде - 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей;<br>көрсетілетін қызметті алушы бөлу немесе бөлу нысанында қайта ұйымдастырылған жағдайда барлық кіші түрлері бойынша лицензияларды және (немесе) лицензияларға қосымшаларды |

| | | |
|---|---|---|
| | | қайта ресімдеу кезінде - 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей |
| 4 | Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны | Электрондық (ішінара автоматтандырылған) |
| 5 | Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі | 1) өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың экспортына лицензия беру;<br>2) өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың импортына лицензия беру;<br>3) қос мақсаттағы тауарлардың немесе ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін бақыланатын тауарлардың экспортына жалпы лицензия беру;<br>4) мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту. |
| 6 | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде өтініш берушіден алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Барлық кіші түрлері бойынша:<br>1) лицензия беру кезінде - 10 айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК);<br>2) лицензияны қайта ресімдеу үшін – 1 АЕК;<br>лицензиялық алымды төлеу екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол және қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады. Төлем " электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі - ЭҮТШ) арқылы немесе екінші деңгейдегі банктер арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. |
| 7 | Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі | 1) көрсетілетін қызметті беруші - 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;<br>2) портал – техникалық жұмыстарды жүргізуге байланысты үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы ( көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін , Кодекске сәйкес демалыс және |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). Келіп түскен өтініштерді тіркеу жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін жүзеге асырылады, сағат 17.00-ден кейін келіп түскен өтініштерді тіркеу келесі жұмыс күні жүзеге асырылады. |
| 8 | Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі | | лицензия алу үшін:<br>1) осы негізгі талаптар тізбесіне қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;<br>ЭҮТШ арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын мәліметтер;<br>2) осы бұйрықтың 2 және 3-қосымшаларына сәйкес мынадай біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы құжаттар. лицензияны қайта ресімдеу үшін:<br>1) осы Негізгі талаптар тізбесіне 1 -қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;<br>2) ЭҮТШ арқылы төлеуді қоспағанда, лицензиялық алымның төленгенін растайтын мәліметтер;<br>3) ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпаратты қамтитын құжаттар. |
| | | | 1) Қазақстан Республикасының заңдарында жеке немесе заңды тұлғалардың осы санаты үшін қызмет түрімен айналысуға тыйым салынуы;<br>2) лицензиялық алым енгізілмеген<br>; |

| | | |
|---|---|---|
| | | 3) көрсетілетін қызметті алушы біліктілік талаптарына сәйкес келмесе;<br>4) көрсетілетін қызметті беруші тиісті келісуші мемлекеттік органнан көрсетілетін қызметті алушының лицензиялау кезінде қойылатын талаптарға сәйкес келмейтіні туралы жауап алса;<br>5) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты қызметті немесе лицензиялауға жататын жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі ( үкімі) бар;<br>6) сот орындаушысының ұсынысы негізінде көрсетілетін қызметті алушы-борышкерге лицензия беруге уақытша тыйым салынады;<br>7) көрсетілетін қызметті алушының ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;<br>8) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;<br>9) экспортты жүзеге асыру Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының VII тарауы, атап айтқанда қару-жарақ эмбаргосы негізінде әрекет ететін Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесі қабылдаған шараларды жүзеге асыру жөніндегі міндеттерді бұзатын болады;<br>10) экспортты жүзеге асыру Қазақстан Республикасының халықаралық келісімдер бойынша, атап айтқанда, қарапайым қару-жарақты беруге немесе олардың заңсыз айналымына қатысты халықаралық міндеттемелерін бұзатын болады; |
| 9 | Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген | 11) белгілі бір тауарлар геноцид актілерін, адамзатқа қарсы қылмыстарды, 1949 жылғы Женева конвенцияларын елеулі |

| | | |
|---|---|---|
| | мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер | бұзушылықтарды, қорғанысты пайдаланатын азаматтық объектілерге немесе бейбіт тұрғындарға шабуылдарды немесе халықаралық келісімдерде анықталғандай басқа да әскери қылмыстарды жасау үшін пайдаланылатыны туралы ақпарат болған жағдайда;<br>12) импорттаушы елдің кепілдік міндеттемесінің түпнұсқалығын тексерудің теріс нәтижесі (не оның жіберілген сәттен бастап күнтізбелік 1 (бір) жыл ішінде болмауы);<br>13) Қазақстан Республикасының мүдделеріне нұқсан келтірілгенде немесе нұқсан келтіру қатері туындағанда;<br>14) Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелері бұзылғанда;<br>15) тәуекелдерді бағалауды жүзеге асыру қорытындылары бойынша теріс нәтиже болғанда;<br>16) егер рұқсат алуға өтініш берілгенге дейін бір жыл ішінде өтініш берушіге қатысты Қазақстан Республикасының өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау саласындағы заңнамасын бұзғаны үшін әкімшілік жаза қолданылса;<br>17) егер рұқсат алуға өтініш берілгенге дейін бір жыл ішінде өтініш берушіге қатысты өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау саласында қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін соттың айыптау үкімі шығарылса немесе Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 35-бабының бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде өтініш беруші қылмыстық теріс қылық немесе онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан босатылса;<br>18) егер өтініш берушіге соңғы бес жыл ішінде Біріккен Ұлттар |

| | | |
|---|---|---|
| | | Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің санкциялары қолданылса;<br>19) егер өтініш беруші соңғы бес жыл ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің санкцияларын бұзса, жүзеге асырылады. |
| 10 | Мемлекеттік, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар | Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда портал арқылы электрондық нысанда мемлекеттік қызметті алу мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың "жеке кабинеті", көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сондай-ақ "1414", 8-800-080-7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтан қол жеткізу режимінде алуға мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:<br>1) көрсетілетін қызметті беруші – "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде;<br>2) портал. |

"Өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың экспортына немесе импортына лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне қосымша
1-нысан

## "Өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың экспортына лицензия алу үшін өтініш

| | |
|---|---|
| 1. № өтініш | |
| 2. Өтініш беруші (толық атауы, мекенжайы, телефоны, электрондық пошта мекенжайы, БСН / ЖСН) | |
| 3. Дайындаушы (толық атауы, елі, мекенжайы, телефоны, электрондық пошта мекенжайы, БСН / ЖСН (Қазақстан Республикасының резиденті үшін)) | |
| 4. Сатып алушы (толық атауы, елі, мекенжайы, телефоны, электрондық пошта мекенжайы) | |
| 5. Түпкілікті пайдаланушы (толық атауы, елі, мекенжайы, телефоны, электрондық пошта мекенжайы) | |
| 6. Қазақстан Республикасының мемлекеттік кіріс органы | 7. Лицензияның қолданылу мерзімі |
| 8. Лицензияны сұрау салу үшін негіздеме (шарт, келісімшарт, келісім немесе сыртқы сауда мәмілесіне қатысушылар арасындағы өзге де иеліктен шығару құжаты) | |
| 9. Өнімнің атауы | |
| 10. Тауардың ЕАЭО СЭҚ ТН бойынша коды | 11. Тауардың бақылау тізімдері бойынша коды |
| | |

| | |
|---|---|
| 12. ЕАЭО СЭҚ ТН бойынша өлшем бірлігі (негізгі немесе қосымша) | 13. Жиынтық саны |
| 14.Келісімшарт валютасы | 15. Келісімшарт валютасындағы жалпы құны |
| 16. Есеп айырысу (валюталық) шоттарының нөмірлері, банктің атауы | |
| 17. Осымен расталады: өтініш беруші ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді; өтініш берушіге қатысты қызметті немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) жоқ; барлық қоса берілген құжаттар дұрыс және жарамды болып табылады. Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын. | |
| 18. Өтініш берушіден:<br>тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) _______________<br>лауазымы _______________<br>күні _______________ | |
| 19. Лицензияның ерекше шарттары | |

2-нысан

## Өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың импортына лицензия алу үшін өтініш

| | |
|---|---|
| 1. № өтініш | |
| 2. Өтініш беруші (толық атауы, мекенжайы, телефоны, электрондық пошта мекенжайы, БСН / ЖСН) | |
| 3. Түпкілікті пайдаланушы (толық атауы, мекенжайы, телефоны, электрондық пошта мекенжайы, БСН / ЖСН) | |
| 4. Сатушы (толық атауы, елі, мекенжайы, телефоны, электрондық поштасының мекенжайы) | |
| 5. Шыққан елі | |
| 6. Қазақстан Республикасының мемлекеттік кіріс органы | 7. Лицензияның қолданылу мерзімі |
| 8. Лицензияны сұрату үшін негіздеме (шарт, келісімшарт, келісім немесе сыртқы сауда мәмілесіне қатысушылар арасындағы өзге де иеліктен шығару құжаты және қол қойылған күні) | |
| 9. Өнімнің атауы және оның пайдалану мақсаты | |
| 10. Тауардың ЕАЭО СЭҚ ТН бойынша коды | 11. Тауардың бақылау тізімдері бойынша коды |
| 12. ЕАЭО СЭҚ ТН бойынша өлшем бірлігі (негізгі немесе қосымша) | 13. Жиынтық саны |
| 14. Келісімшарт валютасы | 15. Келісімшарт валютасындағы жалпы құны |
| 16. Есеп айырысу (валюталық) шоттарының нөмірлері, банктің атауы | |
| 17. Осымен расталады: өтініш беруші ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді; өтініш берушіге қатысты қызметті немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) жоқ; барлық қоса берілген құжаттар дұрыс және жарамды болып табылады. Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын. | |
| 18. Өтініш берушіден:<br>тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) _______________<br>лауазымы _______________<br>күні _______________ | |
| 19. Лицензияның ерекше шарттары | |

3-нысан

**Қосарланған мақсаттағы тауарлар мен ұлттық қауіпсіздік пайымдаулары бойынша бақыланатын тауарлардың экспортына лицензия алуға арналған өтініш**

| | |
|---|---|
| 1. № өтініш | |
| 2. Өтініш беруші (толық атауы, мекенжайы, телефоны, электрондық пошта мекенжайы, БСН / ЖСН) | |
| 3. Дайындаушы (толық атауы, елі, мекенжайы, телефоны, электрондық пошта мекенжайы, БСН / ЖСН ( Қазақстан Республикасының резиденті үшін)) | |
| 4. Сатып алушы (толық атауы, елі, мекенжайы, телефоны, электрондық пошта мекенжайы) | |
| 5. Түпкілікті пайдаланушы (толық атауы, елі, мекенжайы, телефоны, электрондық пошта мекенжайы) | |
| 6. Қазақстан Республикасының мемлекеттік кіріс органы | 7. Лицензияның қолданылу мерзімі |
| 8. Лицензияны сұрату үшін негіздеме (шарт, келісімшарт, келісім немесе сыртқы сауда мәмілесіне қатысушылар арасындағы өзге де иеліктен шығару құжаты және қол қойылған күні) | |
| 9. Өнімнің атауы | |
| 10. Тауардың ЕАЭО СЭҚ ТН бойынша коды | 11. Тауардың бақылау тізімдері бойынша коды |
| 12. ЕАЭО СЭҚ ТН бойынша өлшем бірлігі (негізгі немесе қосымша) | 13. Жиынтық саны |
| 14. Келісімшарт валютасы | 15. Келісімшарт валютасындағы жалпы құн |
| 16. Есеп айырысу (валюталық) шоттарының нөмірлері, банктің атауы | |
| 17. Осымен расталады:<br>өтініш беруші ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді;<br>өтініш берушіге қатысты қызметті немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) жоқ;<br>8-тармақта көрсетілген өзіндік ерекшелігі бар тауарларды тауарлар алушы елдің кепілдік міндеттемелерін ұсынбай экспортталмайды;<br>барлық қоса берілген құжаттар дұрыс және жарамды болып табылады.<br>Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын. | |
| 18. Өтініш берушіден:<br>тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) _______________<br>лауазымы _______________<br>күні _______________ | |
| 19. Лицензияның ерекше шарттары | |

